



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитетінің «Зоология институты» ШЖҚ РМК**

«Шақпақ» орнитологиялық станциясының 60 жылдығына орай

**«XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЗИЯДАҒЫ ҚҰСТАРДЫҢ МИГРАЦИЯСЫ:
ҚОРЫТЫНДЫЛАР, МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР» атты
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ**

9-12 қыркүйек, 2026 ж.

БІРІНШІ АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Зоология институты Сіздерді «XXI ғасырдағы Азиядағы құстардың миграциясы: қорытындылар, мәселелер және перспективалар» атты, «Шақпақ» орнитологиялық станциясының 60 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырады.

Конференцияның мақсаты – құстар миграциясын зерттеу нәтижелерін қорытындылау және Азиядағы миграциялық үдерістерді одан әрі зерттеуге арналған келісілген ғылыми-әдістемелік тәсілдерді әзірлеу.

Конференцияға құстар миграциясын зерттеу және сол қоныс аударатын түрлерді қорғау мәселелерімен айналысатын ғалымдар, биоалуантүрлілікті сақтау саласындағы мамандар, биология және экология оқытушылары мен студенттері, сондай-ақ табиғатты қорғау ұйымдары мен мемлекеттік органдардың өкілдері шақырылады.

Конференцияны ұйымдастырушы: ҚР ҒЖБМ ҒК «Зоология институты» РМК

Ақпараттық серіктестер: «Ветер Странствий» басылымы, ҚБСА (Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау ассоциациясы), Еуразиядағы тырнарлар жұмыс тобы

Болатын күні: 09-12 қыркүйек, 2026 ж.

Өтетін орны: «Шақпақ» орнитологиялық станциясы (Шақпақ ст.), Жуалы ауданы, Жамбыл облысы, Қазақстан Республикасы

Өткізу форматы: Аралас («Шақпақ» станциясына келіп қатысу не онлайн қатысу)

Ұйымдастыру жарнасы: Онлайн форматта қатысу – тегін. Ал Шақпаққа келіп қатысатындарға ұйымдастыру жарнасы бар (3 бетті қараңыз)

Техникалық ақпарат: Техникалық платформа, кесте және қосылу сілтемесі туралы ақпарат тіркелген қатысушыларға қосымша кейіндеу жіберіледі

Конференция тілдері: Қазақша, ағылшынша, орысша

Қатысу түрі

- пленарлық баяндама (20 минутқа дейін);
- секциялық ауызша баяндама (10 минутқа дейін);
- материалдарды жариялау арқылы онлайн қатысу.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

- құстардың миграциясы туралы ХХІ ғ. зерттеулерді қорытындылау және мониторинг деректерімен алмасу;
- қоныс аударатын құстарды зерттеу мен қорғаудың басым мәселелері мен перспективалы бағыттарын айқындау;
- Азиядағы құстар миграциясын зерттеудің өзекті мәселелерін талқылау.

Тіркелу

Қатысуға өтінім беру мерзімі – 2026 ж. **30 сәуіріне дейін**

Конференцияға қатысу үшін тіркеу формасын толтыру қажет:

<https://clck.ru/3S5Hqu>



Егер онлайн форманы толтыру мүмкін болмаса, электрондық пошта арқылы тіркелуге болады. Ол үшін тіркеу кестесін толтырып, birdring@zool.kz поштасына жіберіңіз. Хат тақырыбын: «**Шақпақ-60 / Аты-жөні**» деп жазыңыз.

Қатысушының тіркеу деректері	Мәліметтер
Тегі, аты, әкесінің аты	
Жұмыс орны, қала, ел	
Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы	
Баяндама тақырыбы	
E-mail	
Телефон	
Қатысу форматы (офлайн / онлайн)	
Станциядағы лагерьде тұру қажеттілігі (иә / жоқ)	

Материалды тапсыру және жариялау

Баяндама материалын тапсыру мерзімі – **2026 ж. 30 маусымына дейін.**

Материалды рәсімдеу талаптары тіркелген соң, екінші ақпараттық хатта жіберіледі.

Конференция материалдары бойынша мақалалар «Зоология институтының еңбектері» жинағында жариялау жоспарлануда.

Маңызды уақыт:

2026 жылдың 30 сәуіріне дейін	Қатысуға өтінім беру
2026 жылдың 30 маусымына дейін	Материалдарды тапсыру

Конференцияға келіп қатысу бойынша қосымша ақпарат

Ұйымдастыру жарнасы (конференцияға келген кезде бір-ақ төлейсіздер):

15 000 теңге – студенттер үшін (бакалавриат, магистратура);

25 000 теңге – басқа қатысушылар үшін.

Ұйымдастыру жарнасына кіреді:

- Тамақ пен кофе-брейк (конференция күндері)
- «Зоология институтының еңбектері» жинағында материал жариялау;
- «Шақпақ» станциясындағы ғылыми-тәжірибелік сабақ (құстарды сақиналауды көрсету);
- Шақпақ станциясының лагерінде тегін тұру (ертерек тіркелгеніңіз дұрыс, әйтпесе лагерьде орын жетпей қалуы мүмкін).

Лагерьде орын болмаған жағдайда, жақын маңдағы елді-мекендерде қонақүйлер мен үйлерді (күніне 5000-10000 тг) брондауға болады, бірақ қатысушылардың өздері төлейді.

Конференция бағдарламасы

- 9 қыркүйек – қатысушылардың келуі, тіркеу, конференцияның ашылуы;
- 10 қыркүйек – пленарлық және секциялық отырыстар;
- 11 қыркүйек – экотуризм бағдарламасы (экскурсия);
- 12 қыркүйек – конференцияның жабылуы, қатысушылардың қайтуы.

Жол шығыны мен трансфер

Конференция өтетін орынға дейін жол шығындарын қатысушылар өздері төлейді.

Жақын қаладан «Шақпақ» станциясына дейін трансфер ұйымдастырылуы мүмкін. Бұл туралы, сондай-ақ келіп-кету жөніндегі мәліметтер екінші ақпараттық хатта хабарланады.

Мәдени бағдарлама (11 қыркүйек – таңдауыңыз бойынша)

- Ақсу-Жабағылы қорығы, «Ақсу» каньоны (адам басына 9 000 теңге);
- Терс-Ащыбұлақ су қоймасы (адам басына шамамен 5 000 теңге).

Байланыс

Ұйымдастыру комитеті:

E-mail: birdring@zool.kz

Тел.: +7 (771) 777 9292

Веб-сайт: <https://zool.kz/category/konferenczii/>

Конференция туралы осы хатты әріптестеріңізге таратсаңыз риза боп қалар едік!

Ізгі ниетпен,

«Шақпақ – 60» ұйымдастыру алқасы

Ақпараттық серіктестер

